

жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған келісім Жергілікті атқарушы органның, Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын органның, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті атқарушы органның немесе прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорынның жарғылық емес қызметін іске асыруға бағытталған басшының іс - әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдері қабылдайды;

2) Кәсіпорын Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді немесе осыған коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органды уәкілетті етеді;

3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

4) Кәсіпорынға филиалдар мен өкілдіктер құруға келісімін береді;

5) Кәсіпорын мүлкін пайдалану туралы шешім қабылдайды, оның ішінде, оны кепілдікке, жалға беруге, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға тапсыру туралы шешім қабылдайды;

6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Басқару органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) ведомствоға қарасты заңды тұлғаларды басқару мәселелері бойынша актілерді әзірлейді, олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстарды енгізеді;

3) Кәсіпорын Жарғысын бекітуге тапсырады, оған өзгерістер мен толықтырулары енгізуге бастамашы болады;

4) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басымды бағыттарын және міндетті жұмыстар (қызметтер) көлемін анықтайды;

5) Кәсіпорынның және оларды орындау жөніндегі есептерді қарастырады, келіседі және бекітеді;

6) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылайды және талдау жасайды;

7) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекіту бойынша ұсыныстар енгізеді;

8) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруға келісімін береді;

9) облыстық коммуналдық мүлікті басқаруға өкілетті болған жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға Кәсіпорын мүлкін пайдалануға қатысты, сонымен қатар оны кепілдікке, жалға беруге, өтеусіз

пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға тапсыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

10) Кәсіпорын мүлкін пайдалану мен сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

11) Кәсіпорын мүлкінің есебін ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

12) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де қызметтерді іске асырады.

20. Кәсіпорын басшысы оның органы, сондай –ақ, қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайда қадағалау кеңесі болып табылады.

21. Кәсіпорын басшысын тағайындау, оның аттестациясын өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметімен айқындалған тәртіпте жүзеге асырылады.

22. Басқару органы кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген шарттардан басқа, таза кірістің белгіленген бөлігін дер кезінде бюджетке аудармағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі анықталады.

23. Кәсіпорын басшысы кадрлық – шаруашылық қызметі мен Кәсіпорын мүлкінің сақталуына жеке дара жауапты болып табылады.

24. Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - әрекеттердің ұйымдастырылуына кәсіпорын басшысы жеке дара жауапты болып табылады.

25. Кәсіпорын басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғымен белгіленген өзінің құзырына сәйкес Кәсіпорын қызметінің мәселелерін жеке-дара және өздігінше шешу тұрғысында әрекет етеді.

26. Кәсіпорын басшысы:

1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне иелік етеді;

3) келісімдер жасасады және өзге мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банк есеп-шоттарын ашады;

6) бұйрықтар шығарады және Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын жұмысқа қабылдайды және Кәсіпорын қызметкерлерімен еңбек шартын бұзады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқасы көзделмесе, оларға көтермелеу шараларын қабылдайды және жаза қолданады; басшының ұсынысы бойынша Басқару органымен лауазымдық қызметке

тағайындалатын немесе босатылатын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы осы Жарғыда бекітіледі;

8) еңбекақы төлемқорымен бекітілген шеңберде кәсіпорындағы (өз орынбасарлары мен бас (аға) бухгалтерден басқа) қызметкерлердің еңбекақы формасын, штаттық кестесін, лауазымдық жалақы көлемдерін, сыйақы тағайындау жүйесі мен өзге де марапаттау үлгілерін бекітеді

9) өз орынбасарларын қызметке тағайындау немесе босату үшін кандидатураларды Басқару органына ұсынады;

10) өз орынбасарларының және Кәсіпорынның өзге де басшы қызметкерлерінің құзырын белгілейді;

11) Басқару органының келісімі бойынша Кәсіпорын филиалдары мен өкілдік директорларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

5. Кәсіпорын мүлкі

27. Кәсіпорын мүлкі құны оның балансында көрсетілген Кәсіпорынның активтерінен құрылады.

28. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және салымдар (үлестер, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорынның қызметкерлері арасында үлестірілмейді.

29. Кәсіпорынның мүлкі:

1) өзіне меншік иесі тапсырған мүліктерден;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктер (ақшалай кірісті қосқанда);

3) заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен қалыптасады.

30. Кәсіпорынның басшылығында оның жарғылық мақсатымен қарастырылған, өз қызметін қамтамасыз етуге қажет немесе қызметінің өнімі болып табылатын мүліктер болады.

31. Меншік құқығы мен өзге де затты құқығын алу және тоқтату жөнінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен қарастырылған тәртіп пен шарттар бойынша, егер өзге жағдайлар осы Жарғымен қарастырылмаса, немесе аталған нәрсе құқығының сипатына қарама – қайшы болмаса, жедел басқару құқығын алу және тоқтату іске асырылады.

32. Шаруашылық басқарудағы мүлікті пайдаланудан алынған өнімдер, жемістер мен кірістер, сонымен қатар келісімдер мен өзге негіздер бойынша мемлекеттік заңды тұлғамен алынған мүліктер меншік құқығын иеленуі үшін Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіпте мемлекеттік заңды тұлғаның шаруашылық басқаруына келіп түседі.

33. Меншік иесі мүлікті Кәсіпорынға бекітуге шешім қабылдап, мүлік балансқа бекітілген мезетте, егер өзге жағдайлар Қазақстан Республикасы

заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен бекітілмесе, Кәсіпорын мүлікті жедел басқару құқығына ие болады,

34. Кәсіпорын өзінің негізгі қаражатына жатқызылған мүліктерді сату, сатып алу, ауыстыру, сыйлау келісім шарттары негізінде оқшаулауға құқығы жоқ.

35. Қазақстан Республикасы Азаматық кодексінің 249 бабында меншік құқығын тоқтату үшін қарастырылған түрде және тәртіпте, сондай – ақ осы Жарғының 36, 37 тармақтарында қарастырылған жағдайда кәсіпорынның мүлікті жедел басқару құқығы тоқтайды.

36. Осы Жарғының 35 тармағында қарастырылған жедел басқару құқығын тоқтатудың жалпы себептерінен өзге меншік иесінің шешімі бойынша кәсіпорыннан мүлікті заңды түрде алып тастау жағдайында жедел басқару құқығы тоқтатылады.

Заңды түрде алып тастау жағдайларына мыналар жатқызылады:

- жедел басқару құқығында Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсатына сай келмейтін мүлікті алып тастау;

- артық, пайдаланылмайтын немесе мақсаты бойынша пайдаланылмаған мүлікті алып тастау;

37. Жергілікті атқарушы орган (қалалық коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы орган) Басқару органымен келісе отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасымен өзге жағдайлар бекітілмесе Кәсіпорынға бекітілген мүлікті алып тастауға немесе басқадай өзі құрған заңды тұлғалар арасында бөлуге құқығы бар.

38. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып тастау туралы шешімде Жергілікті атқарушы орган (қалалық коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган) жедел басқару құқығында алып тасталған мүлікті өзге тұлғаға тапсырғанға дейін Кәсіпорын үшін ұстау мерзімдерін бекітуге және сақталуын қамтамасыз етуге құқығы бар.

39. Кәсіпорын негізгі қаражатқа жататын, оған бекітілген мүлікті оқшаулауға немесе өзге тәсілмен иелік етуге, осы Жарғының 34 тармағында қарастырылған жағдайлардан басқа, Жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен дебиторлық берешекті тапсыруға және шығынға шығаруға құқығы бар.

40. Кәсіпорын өзіне жедел басқару құқығында бекітілген, негізгі қаражатқа жатқызылмаған жылжымалы мүлікті дербес түрде пайдалануға құқығы бар.

6. Кәсіпорын мен ата – аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалармен арадағы қатынастарды регламенттеу және ресімдеу

41. Өзара қатынастар мектепке дейінгі ұйымға баланы тіркеген кезде бекітілетін Келісім шартпен реттеледі.

42. Кәмелетке толмаған балалардың ата – аналары мен олардың басқа да заңды өкілдерінің:

1) ата - аналар комитеттері арқылы Кәсіпорынның басқару органының жұмысына қатысуға;

2) өз балаларына қатысты тәрбие мен білім беру, тәртібі мен күту жағдайлары жайлы Кәсіпорыннан мәлімет алуға;

3) біржақты түрде Келісім шартты бұзуға құқығы бар.

43. Ата – аналары және оларды алмастыратын өзге тұлғалар Келісім шарттағы жағдайларды сақтауға міндетті.

7. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі

44. Кәсіпорынға балаларды қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі оқу орындарына қабылдаудың үлгілік ережесімен белгіленеді.

45. Мектепке дейінгі ұйымға өтінішті тіркеу, ресімдеу және жолдама беруді Басқару органы жүзеге асырады.

46. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен бекітілген жас мөлшеріне сәйкес балалар Кәсіпорынға медициналық ақаулық болмаған жағдайда қабылданады.

47. Баланы Кәсіпорынға қабылдау кезінде ата – аналары және оларды алмастыратын тұлғалар Жарғымен және білім беру үдерісін реттейтін өзге құжаттармен таныстырылуы міндетті болып табылады.

8. Білім беру үдерісін ұйымдастыру, оқуларының күн тәртібі

48. Кәсіпорын білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес білім беру үдерісін қазақ тілінде және орыс тілінде жүзеге асырады.

49. Тәрбиеленушілер сабақтарының күн тәртібі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес бекітіледі.

50. Балалардың дамуын бағалау жүйесі білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндеті білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ақылы қызметтерді ұсыну тізбесі мен тәртібі

51. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ақылы қызметтер көрсету есебінен кіріс келтіретін қызметпен айналысуға құқығы бар.

52. Басқару органының келісімі бойынша Кәсіпорын тәрбиеленушілер мен олардың ата – аналары немесе оларды алмастырушы тұлғалардың сұранымдарын ескере отырып ақылы қызметтер ұсынады.

53. Ақылы қызметтер ата – аналарының немесе оларды алмастырушы тұлғалардың өтініштері негізінде ұйымдастырылады.

54. Осы қызметтен келіп түскен кірістерді орналастыру тәртібін Кәсіпорын өзі бетінше анықтайды.

55. Ақылы қызметтер түрлерінің тізбесі:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын Келісім шартқа сәйкес іске асыру;

2) әр түрлі іс –шаралар ұйымдастыру және өткізу: спорттық жарыстар, семинарлар, кеңестер, тәрбиеленушілер мен педагогикалық қызметкерлер және ересек жұртшылық арасында конференциялар, сондай-ақ оқу - әдістемелік әдебиетті әзірлеу және сату;

3) музыкалық аспаптарды қолдануға және Интернет-байланыстың қосымша қызметін ұсыну.

10. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

56. Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз кірісі есебінен және Қазақстан Республикасы бюджеттік заңнамасымен айқындалған тәртіп бойынша алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

57. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Жергілікті атқарушы орган белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген нормативтер бойынша бюджеттің тиісті есебіне енгізіледі.

Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

58. Кәсіпорын өндірген өнімін өз бетінше өткізеді.

59. Кәсіпорын өндіретін және сататын тауарларының (жұмыстар, қызметтер) бағасын Басқару органы белгілейді.

60. Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілмеген, Жарғымен қарастырылмаған қызмет жасау арқылы алынған табыстар, сондай – ақ жергілікті бюджет қаражаты есебінен өткізілетін тауарлар үшін (жұмыстар, қызметтер) құрылған және бекітілген бағаларды көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасы заңнамасымен айқындалған түрде бюджетке алынуға тиісті болады. Бухгалтерлік есепті қағидалары бойынша дұрыс тиісті түрде көрсетілмеген мүлікті пайдалану фактілері анықталған жағдайда да алынуға тиісті болады.

11. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы

61. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметін іске асыру үшін басқаруға алынған мүліктен құралады.

12. Кәсіпорынның есебі мен есеп беруі

62. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебі мен қаржылық есеп беруін жүргізу қаржылық есептердің ұлттық стандарттарына сәйкес мемлекеттік басқару органының келісімі бойынша Кәсіпорын басшысы бекіткен есептік саясатына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

63. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі мыналарды қамтиды: бухгалтерлік балансы, кірістер мен шығындар туралы есептер, ақшалай қаражаттар қозғалысы туралы есептер, капиталдағы өзгерістер туралы есептер, түсіндірме жазбахат.

13. Кәсіпорынның жауапкершілігі

64. Кәсіпорын оның қарамағындағы ақшаларға өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

Кәсіпорынды тарату жағдайларын қоспағанда, осы заңды тұлғаның қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

Кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе қалалық бюджет қаражаты арқылы әкімшіліктік – аумақтық бірлік субсидиарлық түрде жауапты болып табылады.

14. Еңбек ұжымымен қарым – қатынастар

65. Кәсіпорын әкімшілігі мен ұжым арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен ұжымдық келісімшарт бойынша ресімделеді.

66. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек ережесімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасындағы еңбек нормаларына қарама – қайшы болмауы керек.

15. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

67. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Басқару органы белгілейді.

68. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

69. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы және өзге де сыйақы беру жүйесін Басқару органы белгілейді.

70. Реорганизация и ликвидация Предприятия производятся по решению Местного исполнительного органа.

Предприятие может быть ликвидировано также по другим основаниям, предусмотренным Гражданским кодексом Республики Казахстан.

71. Реорганизацию и ликвидацию Предприятия осуществляет Орган управления.

72. Имущество ликвидированного Предприятия, оставшееся после удовлетворения требований кредиторов, перераспределяется местным исполнительным органом.

Деньги ликвидированного Предприятия, включая средства, полученные в результате реализации имущества Предприятия, оставшиеся после удовлетворения требований кредиторов, зачисляются в доход соответствующего бюджета.

17. Порядок внесения изменений и дополнений в Устав

73. Изменения и дополнения в Устав Предприятия вносят Местные исполнительные органы или уполномочивают на это исполнительный орган, финансируемый из местного бюджета, уполномоченный на распоряжение городским коммунальным имуществом.

Руководитель

Лебедева Т.С.

Ф.И.О.



(подпись)

Павлодар қаласының Әділет басқармасы
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА
ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ
2012 ж. «30» 01 № 192 бұйрық

Павлодар қаласының Әділет басқармасы
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
2007 ж. «3» 11 жүргізілді
БСН 071240001404
15071-1945-ШК

Павлодар қаласы әкімдігінің
2011 жылғы «28» 12
№ 8308/11 қаулысымен
бекітілді

Павлодар қаласы әкімдігі
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
«Павлодар қаласының № 3 сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық
коммуналдық кәсіпорнының
Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 3 сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі Кәсіпорын) ұйымдық-құқықтық нысанында мемлекеттік кәсіпорын жедел басқару мәртебесінде заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорын Павлодар қаласы әкімінің 2007 жылғы 16 қарашадағы № 1459/24 Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №3 сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны туралы шешімі негізінде құрылған.
3. Кәсіпорынның құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган - Павлодар қаласының әкімдігі болып табылады.
4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган - Павлодар қаласының әкімдігі.
5. «Павлодар қаласы білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган (бұдан әрі – Басқару органы) болып табылады.
6. Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі атауы: Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 3 сәбилер бақшасы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны.
Кәсіпорынның орыс тіліндегі атауы: государственное казенное коммунальное предприятие «Ясли-сад № 3 города Павлодара» отдела образования города Павлодара, акимата города Павлодара.
7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140000, Павлодар қаласы, Камзин көшесі, 9.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап құрылған болып саналады және заңды тұлға құқығын алады.

9. Кәсіпорынның дербес балансы, заңнамаға сәйкес банктерде шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар мөрі болады.

10. Кәсіпорын Жергілікті атқарушы органның келісімімен басқа заңды тұлғаны құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құруына болады.

11. Кәсіпорынмен жасалған және міндетті мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделмесе, тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын өз қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласында жүзеге асырылады.

13. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту саласында мемлекеттік саясатты іске асыру Кәсіпорын қызметінің мақсаты болып табылады.

14. Кәсіпорын алға қойған мақсатын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін іске асырады:

1) балалардың дене бітімі мен психикалық денсаулығын сақтау және нығайту;

2) баланың жеке, мәдени және ұлттық ерекшеліктерін ескеріп, жеке тұрғыда тұлғалық дифференциалдық дамуын қамтамасыз ету;

3) баланың тұлғалық дамуының экологиялық-эстетикалық жағдайын жасау;

4) балалардың тілдік (мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдері бойынша) дайындығын қамтамасыз ету;

5) балалардың қызығушылығы мен қабілетіне және олардың интеллектуалдық және шығармашылық қызметінің дамуына дер кезінде диагностика жасауды қамтамасыз ету;

6) балаларды саламатты өмір салты құндылықтарына қатыстыру;

7) оқу-тәрбие кешені жағдайында бастауыш және мектепке дейінгі буын балаларын оқыту сабақтастығын жалғастыру;

8) тәрбиеленушілердің бастамалық, өзіндік, коммуникабелдік қабілеттерін және әлеуметтік дағдыларын дамыту;

9) инновацияларды игеру, бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды әзірлеу және іске асыру;

10) отбасылық дәстүрдегі тәрбие беруді қалпына келтіру және білім беру үрдісіне отбасын жұмылдыру;

11) ақылы білім беру және сауықтыру қызметтерін көрсету.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген қызметтің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметпен айналысуға, сондай – ақ келісімдер жасауға құқығы жоқ.

16. Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтайшы құжаттарымен шектелген қызметтің мақсатына қайшы немесе басшының